

## Баянауыл ауданы Майқайын кенті аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 16 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 қарашада № 6108 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Баянауыл ауданы әкімінің 19.11.2019 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" № 756 қаулысына сәйкес, Баянауыл ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баянауыл ауданы Майқайын кентінің аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары А. К. Абеуов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*О. Каиргельдинов*